Газ көрсеткіші 100% LEL CH₄ мөлшерінен артқан кезде, құрылғы дабыл күйіне еніп, тұтанғыш газ датчигі өшіріледі және нақты көрсеткіш онына “xxx” көрсетіледі. Бұл күйден тек құрылғыны өшіріп, ауасы таза ортада қайта іске қосу арқылы шығуға болады.

**Ескерту!**

Тұтанғыш газдың “100” көрсеткіші ауаның жарылғыштық шегі 100% LEL CH₄ шамасынан асатынын және қауіп-қатердің бар екенін көрсетеді. Ластанған аймақтан дереу кетіңіз.

Мұндай жағдайда құрылғы LockAlarm (Дабылды бұғаттау) мүмкіндігін іске қосады.



Мемлекетіңіздегі 100 % LEL [EN60079-20-1] стандарты мәндерін тексеріңіз.

3 Пайдалану

3.1 Қоршаған орта факторлары

Қысым, ылғалдылық және температура өзгерістері сияқты бірнеше қоршаған орта факторлары газ датчигі көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін. Қысым және ылғалдылық өзгерістері ауада бар оттегінің нақты мөлшеріне әсер етеді.

Қысым өзгерістері

Егер қысым күрт өзгерсе [мысалы, ауа түтігін біреу басып кеткен кезде], оттегі датчигі көрсеткіштері уақытша көтеріліп, детектор дабыл соғуы мүмкін. Оттегі пайыздық мөлшері 20,8 Vol % деңгейінде қалғанда немесе соған жақын болғанда, жалпы қысым жеткіліксіз деңгейге дейін төмендесе, тыныс алуға болатын ауадағы оттегі мөлшері қауіпті деңгейге дейін төмендейді.

Ылғалдылық өзгерістері

Ылғалдылық айтарлықтай мол деңгейге өзгерген кезде [мысалы, сырттағы құрғақ, салқындалатын ортаға, ылғалы ауаға барғанда], оттегін ығыстыратын ауадағы су буының әсерінен оттегі көрсеткіші 0,5% мөлшеріне дейін төмендейді.

Оттегі датчигінде оттегі көрсеткіштерінің ылғалдылық өзгерістері әсерін төмендететін арнайы сүзгі болады. Бұл әсер бірден байқалмайды, бірақ бірнеше сағаттан соң оттегі көрсеткіштеріне баяу әсер етеді.

Температура өзгерістері

Датчиктерде температура әсеріне қарсы бекітілген компенсатор болады. Дегенмен, температура күрт өзгерсе, датчик көрсеткіші де өзгеруі мүмкін. Ең төменгі тиімділікке қол жеткізу үшін құрылғыны жұмыс аймағы температурасында нөлге орнатыңыз.

3.2 Құрылғыны іске қосу

Қосымша ақпаратты [→ 7-тарау] төмендегі сұлбадан көріңіз.

- Құрылғыны **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесімен іске қосыңыз.

Құрылғы өзін-өзі тексеріп, таза ауа параметрі бөліміне өтеді:

- барлық дисплей сегменттері іске қосылады;
- сигнал дыбысы шығады;
- диодты дабыл шамдары жыпылықтайды;
- құрылғы дірілдейді.

Өзін-өзі тексеру барысында құрылғы датчиктердің бар-жоғын тексереді. Датчик болмаған жағдайда, құрылғыда Sensor Missing (Датчик жоқ) экраны көрсетіледі және ол өшірілгенше дабыл соғады. Олай болмаса, іске қосылу қадамдары жалғасады.

Құрылғы мыналарды көрсетеді:

- дабыл мен дисплейдің тексерілуі;
- өнім жасаушы аты;
- құрылғы атауы;
- бағдарлама нұсқасы;
- датчик анықтаған газ;
- тұтанғыш газ түрі;
- улы газ өлшем бірліктері;
- дабыл орнату шектері [PEAK, MIN] [STEL, TWA];
- өлшем мәндері;
- күн және уақыт дисплейі;
- соңғы өлшем реттелген күн [іске қосылған болса];
- өлшем мерзімінің соңғы күні [іске қосылған болса];
- таза ауа параметрі опциясы.

Іске қосу барысындағы экрандағы дисплейлер




Іске қосылу барысында барлық автоматты бет көрсету уақыт аралығы екі секундтан төрт секундқа дейінгі ауқымда алдын ала орнатылады.

Іске қосу барысында бірнеше қадамдар мен экрандар көрсетіледі:

Құрылғының өзін-өзі тексеруі

Құрылғы өзін-өзі тексереді.



Құрылғы атауы мен бағдарлама нұсқасы

Бағдарлама нұсқасы мен құрылғы атауы көрсетіледі.



Тұтанғыш газ түрі

BUTANE (БУТАН) сияқты тұтанғыш газ түрінің атауы көрсетіледі.


ЕСКЕРТПЕ: Тұтанғыш газ түрін MSA Link бағдарламасындағы SENSOR SETUP (ДАТЧИК ПАРАМЕТРЛЕРІ) мәзірі арқылы өзгертуге болады.



Улы газ өлшем бірліктері

Улы газ өлшем бірліктері атаулары көрсетіледі [ppm немесе mg/m³].



ЕСКЕРТПЕ: Улы газ өлшем бірліктерін MSA Link бағдарламасы арқылы өзгертуге болады.

**Дабыл орнату шектері**



Барлық орнатылған және іске қосылған датчиктердің дабыл орнату шектері көрсетіледі.

ТӨМЕНГІ дабыл шегі, одан кейін ЖОҒАРҒЫ дабыл шегі көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ: Дабыл орнату шектерін MSA Link бағдарламасындағы Setup (Параметрлер) мәзірі арқылы өзгертуге болады.


**STEL және TWA шектері**

Орнатылған және іске қосылған датчиктердің алдын ала орнатылған STEL және TWA мәндері көрсетіледі.



Өлшем мәндері

Орнатылған және іске қосылған датчиктердің алдын ала орнатылған өлшем мәндері көрсетіледі.

**Уақыт пен күн**

Ай, күн және жыл пішіміндегі күн көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ: Батарея толық отырған жағдайда, уақыт пен күн қайта орнатылады. Іске қосқан кезде, пайдаланушыдан уақыт пен күнді енгізу сұралады.

Егер уақыт және күн туралы мәлімет болмаса, олар келесі күйге орнатылады:

[00:00] уақыт белгісі және [Jan-01-2008].


**Соңғы рет өлшем реттелген күн және өлшем мерзімі**

ЕСКЕРТПЕ: Дисплей опцияларын MSA Link бағдарламасы арқылы орнатуға болады. Егер осы опциялар орнатылмаған болса, бұл экрандар көрсетілмейді.

- Өдепкі параметр бойынша, соңғы өлшем реттелген күн іске қосылған күйде болады.
- Өдепкі параметр бойынша, өлшем мерзімі іске қосылған күйде болады.

**Таза ауа параметрі [ТАП]**

FAS (Таза ауа параметрі) экраны шығады.



Таза ауа параметрі [ТАП]

Таза ауа параметрі құрылғыны автоматты түрде нөлдік өлшемге орнатуға арналған.

Таза ауа параметрінің шектеулері бар. Осы шектеулерден тыс кез келген датчиктің нөлдік мәні Таза ауа параметрін реттеу пәрменімен реттелмейтін болады.




Ескерту!

Таза, ластанбаған ауада тұрғаныңызға сенімді болмайынша Fresh Air Setup (Таза ауа) параметрін іске қоспаңыз; әйтпесе, қауіпті ауаны қауіпсіз деп көрсететін жалған көрсеткіш шығуы мүмкін. Қоршаған орта ауасының сапасына қатысты күмәніңіз болса, Fresh Air Setup (Таза ауа) параметрі мүмкіндігін пайдаланбаңыз. Fresh Air Setup (Таза ауа) параметрін күнделікті өлшемдерді тексеру орнына пайдаланбаңыз. Өлшемдерді тексеру ауқым дәлдігін тексеру үшін қажет. Бұл ескертуді орындамау ауыр жарақатқа не өлімге әкеп соқтыруы мүмкін.



Батарея зарядтау уақыты аяқталмай тұрып тоқтатылса [батареяның толық зарядталуына 4 сағат кетеді], таза ау параметрін реттемес бұрын құрылғының ішкі температурасы тұрақтанғанша 30 минут күте тұрыңыз.



Нóд. 3 Fresh Air Setup (Таза ауа параметрі)

Егер осы опция іске қосылған болса, құрылғыда "FAS?" (ТАЗА АУА ПАРАМЕТРІН ЕРТЕТУ КЕРЕК ПЕ?) сұрағы шығады.

- (3) Таза ауа параметрін реттеуді өткізіп жіберу үшін ▲ түймесін басыңыз.
 - ▷ Fresh Air Setup (Таза ауа параметрі) процедурасы өткізіліп жіберіледі және құрылғы Measuring (Өлшеу) бетіне [басты бет] өтеді.
- (4) Таза ауа параметрін реттеу үшін 10 секунд ішінде **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
 - ▷ Құрылғы таза ауа параметрін ерттеуді бастайды.
 - ▷ Экранға No Gas (Газ жоқ) таңбасы, жыпылықтаған құмсағат белгісі және барлық іске қосылған датчик көрсеткіштері шығады.
 - ▷ Таза ауа параметрін реттеп болған соң, құрылғыда "FAS OK" (ТАЗА АУА ПАРАМЕТРІ РЕТТЕЛДІ) немесе "FAS ERR" (ТАЗА АУА ПАРАМЕТРІН РЕТТЕУ ҚАТЕСІ) хабары мен таза ауа параметрі шектеулерінен тыс датчиктердің жалаушаары көрсетіледі. Таза ауа параметрі шектеулері ауқымындағы барлық датчиктер нөлге орнатылады.


3.3 Өлшем режимі [Қалыпты жұмыс]

Normal Operation (Қалыпты жұмыс) режимінде пайдаланушы STEL және TWA мәндерін жоймас бұрын немесе ауқым және нөлдік өлшемдерін реттемес бұрын ең төменгі және ең жоғарғы көрсеткіштерді тексере алады.

Төмендегі әрекеттерді Normal Operation (Қалыпты жұмыс) экранында орындауға болады:


Bump (Жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру) беті

Бұл бет пайдаланушыға жұмыс істеу мүмкіндігін тексеруге мүмкіндік береді.




Peak Page (Жоғарғы шек беті)

Бұл бет барлық датчиктердің жоғарғы шек көрсеткіштерін көрсетеді.




Min Page (Төменгі шек беті)

Бұл бет оттегі датчигінің төменгі шегі көрсеткіштерін көрсетеді.




STEL Page (ҚЫСҚА УАҚЫТҚА ШЫҒАРУ ШЕГІ беті)

Бұл бет құрылғының есептелген STEL (Қысқа уақытқа шығару шегі) көрсеткіштерін көрсетеді.

**TWA Page (ОРТАША УАҚЫТ МӨЛШЕРІ беті)**


Бұл бет құрылғының есептелген TWA (ОРТАША УАҚЫТ МӨЛШЕРІ) көрсеткіштерін көрсетеді.

**Time / Date Page (Уақыт / күн беті)**

Бұл бет құрылғының ағымдағы уақыты мен күні параметрлерін көрсетеді.

**Қозғалыс дабылы [қосымша]**

Бұл бет қозғалыс дабылын іске қосуға немесе ажыратуға мүмкіндік береді.



Құрылғының үш түймесін қолданып, пайдаланушы әрбір ішкі мәзірде жоғары не төмен жылжи алады.

Осы экрандар арқылы жылжу туралы толық мәліметтерді 2.5 тарауынан және қосымшадан көріңіз.

3.4 Device Setup (Құрылғы параметрлері)

Параметрлер мәзірлерін тек құрылғы іске қосұлы болған кезде ▲ түймесін басып тұру арқылы ғана ашуға болады.

Бұл режимді тек құрылғыны іске қосу барысында ғана қосуға болады.

Мына әрекеттерді орындаңыз:

- (1) Құрылғыны іске қосу барысында ▲ түймесін басып тұрыңыз.
 - Параметр құпия сөзін енгізу үшін ▲ және ▼ түймелерін пайдаланыңыз. Әдепкі құпия сөз – "672".
- (2) Параметрлер бетіне өту үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
 - Құпия сөз дұрыс енгізілмесе: құрылғы Measure (Өлшеу) режиміне енеді.
 - Құпия сөз дұрыс енгізілсе: құрылғы әрі қарай жұмыс істейді/үш рет сигнал береді.



Құпия сөзді MSA Link бағдарламасы арқылы өзгертуге болады.

Setup (Параметрлер) режимінде:

- Таңдалған мәнді сақтау немесе келесі бетке өту үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
- Мәндерді біреулеп көбейту немесе таңдаудың қосылу немесе өшірілу күйлері арасында жылжу үшін ▲ түймесін басыңыз.
- Мәндерді 10-дап көбейту үшін ▲ түймесін басып тұрыңыз.
- Мәндерді біреулеп азайту немесе таңдаудың қосылу немесе өшірілу күйлері арасында жылжу үшін ▼ түймесін басыңыз.
- Мәндерді 10-дап азайту үшін ▼ түймесін басып тұрыңыз.


▲ түймесін басу арқылы мына опцияларға қол жеткізуге болады:

- Датчик параметрлері [SENSOR SETUP]
- Өлшемдерді реттеу [CAL SETUP]
- Дабыл орнату [ALARM SETUP]
- Уақыт пен күнді оранту [TIME SET]
- EXIT (ШЫғУ)

Датчик параметрін реттеу

Әрбір датчикті іске қосуға немесе ажыратуға болады.

Қосымша ақпаратты [→ 8.5 тарауы] тарауындағы сұлбалардан көріңіз.



Нóд. 4 Датчик параметрін реттеу


- (1) Осы параметрді өткізіп жіберу үшін, ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз; олай етпесеңіз, төмендегідей жалғастыра бересіз.
- (2) Ішкі мәзірге өту үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
- (3) Опцияны өзгерту үшін ▼ немесе ▲ түймесін басып, оны **ON/OFF** түймесімен растаңыз.
- (4) Бұл процедураны барлық басқа датчиктер үшін қайталаңыз.
- (5) Соңғы датчик орнатылған соң, Өлшем реттеу бетіне өтіңіз.

Өлшемдерді реттеу

Пайдаланушы әрбір датчикті орната және олардың өлшемдерін реттей алады.

Сонымен қатар, өлшем мерзімі экранын ашып, келесі өлшем реттеу мерзіміне дейінгі уақытты орнатуға болады.

Қосымша ақпаратты [→ 8.5 тарауы] тарауындағы сұлбалардан көріңіз.



Нóд. 5 Өлшемдерді реттеу

- (1) Осы параметрді өткізіп жіберу үшін, ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз; олай етпесеңіз, төмендегідей жалғастыра бересіз.
- (2) Ішкі мәзірге өту үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
 - ▷ Бірінші датчиктің өлшем реттеу газы концентрациясы көрсетіледі.
- (3) Мәнді өзгерту үшін ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз.
- (4) Мәнді сақтау үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
 - ▷ Келесі датчик параметрлерін реттеу экраны шығады.
- (5) Бұл процедураны барлық басқа датчиктер үшін қайталаңыз.
 - ▷ Соңғы датчик параметрлері реттелген соң, өлшем мерзімін (CALDUE) орнату сұралады.
- (6) CALDUE (ӨЛШЕМ МЕРЗІМІ) опциясын қосу/ажырату үшін ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз.


Таңдауды растау үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
- (7) Егер өлшем мерзімі (CALDUE) орнатылса, күндер санын таңдау үшін ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз
- (8) **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басып растаңыз.
- (9) Расталған соң дабыл орнату бетіне өтіңіз.

Дабыл орнату

Пайдаланушы барлық дабылдарды қоса не өшіре алады және әр датчик үшін дабыл орнату шектерін өзгерте алады.

Қосымша ақпаратты [→ 8.9 тарауы] тарауындағы сұлбалардан көріңіз.

Дабыл шектерін реттеу туралы мәліметті 5.1 тарауынан көріңіз. Дабылдың жоғарғы шегінің мәні төменгі дабыл шегі мәнінен жоғары болуы керек.



Нөд. 6 Дабыл орнату


- (1) Осы параметрді өткізіп жіберу үшін, ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз; олай етпесеңіз, төмендегідей жалғастыра бересіз.
- (2) Ішкі мәзірге өту үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
- (3) ▼ немесе ▲ түймесін басу арқылы дабылдарды орнатыңыз.

- (4) Таңдауды растау үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
 - ▷ Бірінші датчик дисплейінің LOW ALARM (ТӨМЕНГІ ДАБЫЛ) параметрлері көрсетіледі.
 - (5) Мәнді өзгерту үшін ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз.
 - (6) Мәнді сақтау үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
 - ▷ Бірінші датчик дисплейінің HIGH ALARM (ЖОҒАРҒЫ ДАБЫЛ) параметрлері көрсетіледі.
 - (7) Мәнді өзгерту үшін ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз.
 - (8) Мәнді сақтау үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
 - ▷ STEL ДАБЫЛЫ параметрлері [тек улы газ датчиктерінің] көрсетіледі.
 - (9) Мәнді өзгерту үшін ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз.
 - (10) Мәнді сақтау үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
 - ▷ TWA ДАБЫЛЫ параметрлері [тек улы газ датчиктерінің] көрсетіледі.
 - (11) Мәнді өзгерту үшін ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз.
 - (12) Мәнді сақтау үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
 - (13) Бұл процедураны барлық басқа датчиктер үшін қайталаңыз.
 - (14) Соңғы датчик орнатылған соң, уақыт пен күнді реттеу бетіне өтіңіз.
- Метанның 60% L.E.L. немесе 3,0% мөлшері бағдарламалауға болатын ең жоғарғы дабыл шегі болып табылады.
- Бұл дабылды ▲ түймесін басу арқылы уақытша өшіруге болады. Дегенмен, дабылға себеп болған газ концентрациясы әлі де бар болса, құрылғы қайтадан дабылды қосады.

Уақыт пен күнді орнату

Бұл ішкі мәзір уақыт пен күнді орнатуға арналған.

Қосымша ақпаратты [→ 8.10 тарауы] тарауындағы сұлбалардан көріңіз.



Нөс. 7 Уақыт пен күнді орнату

- (1) Осы параметрді өткізіп жіберу үшін, ▼ немесе ▲ түймесін басыңыз; олай етпесеңіз, төмендегідей жалғастыра бересіз.
- (2) Ішкі мәзірге өту үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
- (3) ▼ немесе ▲ түймесін басу арқылы айды орнатыңыз.
- (4) Растау үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
- (5) Осы процедураны күн, жыл, сағат және минут үшін қайталаңыз.
 - ▷ Әдепкі параметр бойынша, уақыт 12 сағаттық пішімде көрсетіледі.
 - ▷ Одан кейін **EXIT** (ШЫҒУ) экраны көрсетіледі.
- (6) Осы экранды **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесімен растаған кезде, құрылғы параметрлері бөлімінен шығасыз.
 - ▷ Егер датчиктер әлі жылымаса, кері санақ көрсетіледі.
 - ▷ Одан кейін құрылғы Measuring (Өлшеу) режиміне өтеді.

3.5 Деректер журналы

Құрылғыны компьютерге қосу

- (1) Құрылғыны іске қосып, құрылғыдағы Datalink Communication ұяшығын компьютердің IR интерфейсіне туралаңыз.
- (2) Құрылғымен байланысу үшін MSA Link бағдарламасын пайдаланыңыз.

Толық нұсқауларды MSA Link құжаттарынан көріңіз.

3.6 Жұмысын тексеру

Дабыл тексеру

- Құрылғыны іске қосыңыз. Оны растау:
 - барлық сұйық кристалды дисплей сегменттері іске қосылады;
 - дабыл шамдары жыпылықтайды;
 - қысқаша дыбысты сигнал шығады;
 - діріл дабылы бір сәтке іске қосылады.

3.7 Қауіпсіздік диодты шамы

Бұл құрылғы қауіпсіздікті білдіретін жасыл диодты шаммен жабдықталған. Жасыл қауіпсіздік диодты шамы мына жағдайларда 15 секунд сайын жыпылықтайды:

- SAFE LED (ҚАУІПСІЗДІК ДИОДТЫ ШАМЫ) мүмкіндігі іске қосылғанда;
- құрылғы Measurement (Өлшеу) режимінде [Қалыпты жұмыс] болғанда;
- тұтанғыш газ мөлшері – 0% LEL немесе 0% CH₄;
- оттегі [O₂] мөлшері – 20,8%;
- көміртегі тотығы [CO] мөлшері 0 ppm немесе mg/m³;
- күкіртті сутегі [H₂S] мөлшері 0 ppm немесе 0 mg/m³;
- газ дабылдары [төменгі не жоғарғы] жоқ;
- құрылғы батареясының зарядының деңгейі жеткілікті;
- CO, H₂S, STEL және TWA мөлшерлері 0 ppm немесе 0 mg/m³.

3.8 Жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру



Ескерту!

Құрылғының дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру әрекетін орындаңыз. Бұл тексеруді орындамау ауыр жарақатқа не өлімге әкеп соқтыруы мүмкін.

Жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру жиілігі көбінесе мемлекеттік немесе корпоративтік ережелермен келісіледі; дегенмен, әр күнгі қолдану алдында жұмыс істеу мүмкіндігін тексеріп тұру – қолданыстағы ең жақсы қауіпсіздік шарасы және сол себеппен MSA компаниясының ұсынысы болып табылады.

Бұл тексеру газ датчиктерінің жұмыс істеп тұрғанын жылдам растайды. Құрылғы өлшемдері жұмысқа жарамсыз болса, дәлдікті тексеру үшін өлшемдерді жиі-жиі реттеп отырыңыз. Жұмыс істеу мүмкіндігін төмендегі процедураны пайдалану немесе GALAXY GX2 тексеру тұғырын пайдаланып автоматы түрде тексеру арқылы орындауға болады.




Жабдық

Осы құрамдас бөлшектерге тапсырыс беру туралы ақпаратты қосымша құралдар бөлімінен көріңіз.


- Газ цилиндрі өлшемін тексеру
- 0,25 литр/мин. Ағын реттеуіші
- 1/8" ID Superthane күрделі эфир түтігі
- Өлшеу қақпағы

Жұмыс істеу мүмкіндігін тексеруді орындау

- (1) Реттеуішті өлшемді тексеру газы цилиндріне жалғаңыз.
- (2) Қалыпты өлшеу экранындағы ▼ түймесін "BUMP TEST?" (Жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру?) хабарын көрсету үшін басыңыз.
- (3) Көрсетілген газ концентрациясын тексеріңіз, өлшем тексеру газы цилиндрін сәйкестендіріңіз. Олар сәйкес болмаса, мәндерді Calibration Setup (Өлшем параметрлері) мәзірі арқылы реттеңіз.
- (4) Тексеру газы цилиндріндегі қысым азайтқыш клапанды ашыңыз.



- (5) Жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басып, реттеуіштегі клапанды ашыңыз. Құмсағат белгішесі жыпылықтап, датчиктер газға жауап береді.
- (6) Жұмыс істеу мүмкіндігін тексеріп болған соң, клапанды жабыңыз.



Жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру аяқталған соң, Measure (Өлшеу) режиміне қайтпас бұрын құрылғыда “BUMP PASS” (ЖАРАМДЫ) хабары немесе кез келген қатесі бар датчик белгісімен бірге “BUMP ERROR” (ЖАРАМСЫЗ) хабары бір сәт көрсетіледі. Егер құрылғы жұмыс істеу мүмкіндігі тексерісінен өтпесе, құрылғы өлшемдерін 3.9 тарауында сипатталғандай реттеңіз.



Жұмыс істеу мүмкіндігі жарамды болып анықталған соң, Measure (Өлшеу) режимінде ✓ таңбасы 24 сағат бойы көрсетіледі.

3.9 Өлшем реттеу

Бұл құрылғы өлшемдерін осы процедураны пайдаланып қолдап реттеуге немесе GALAXY тексеру тұғыры арқылы автоматты түрде реттеуге болады.

Өлшем реттеуді ағын мөлшері минутына 0,25 литр болатын реттеуішпен орындау керек.

Батарея зарядтау уақыты аяқталмай тұрып тоқтатылса [батареяның толық зарядталуына 4 сағат кетеді], өлшемдерді реттемес бұрын құрылғының ішкі температурасы тұрақтанғанша 30 минут күте тұрыңыз.




Қалыпты жағдайларда MSA компаниясы кемінде алты ай сайын өлшемдерді ерреуді ұсынады, дегенмен, көптеген Еуропалық елдерде өздеріне тән нұсқаулар бар. Еліңіздің заңдарын қарап шығыңыз.

Таза ауа параметрін және нөлдік өлшемді реттеу




Zero процедурасын өткізіп жіберіп, ауқымды реттеу процедурасына тікелей өту үшін, ▲ түймесін басыңыз. Егер 30 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, құрылғы Normal Operation (Қалыпты жұмыс) бетіне оралмас бұрын пайдаланшыдан Span (Ауқым) өлшемін реттеуді сұрайды.

- (1) Қалыпты жұмыс режимінде ▲ түймесін үш секунд басып тұрыңыз.
- (2) Егер өлшемді бұғаттау опциясы таңдалса, құпия сөз енгізіңіз.
 - ▷ Одан кейін ZERO (НӨЛ) экраны шығады.



- Егер өлшемді бұғаттау опциясы таңдалмаған болса:

▷ ZERO экраны шығады.




- (3) Құрылғыны таза ауаға шығарып, **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басу арқылы **ZERO** (НӨЛ) экранын басыңыз. Датчик жаңарады және өлшем нөлдік күйге орнатылады.



Таза ауа параметрін реттеуді [FAS] орындау үшін ▲ түймесін басыңыз да болады. Толық мәліметтерді 3.2 тарауынан көріңіз.

Өлшем нөлге орнатылған соң, After Zero calibration completes, құрылғыда "ZERO PASS" (НӨЛГЕ ОРНАТЫЛДЫ) жалаушасы немесе проблемасы бар датчик жалаушасымен бірге "ZERO ERR" (НӨЛГЕ ОРНАТЫЛМАДЫ) хабары бір сәт көрсетіледі.





Құрал өлшемін нөлге орнатпас бұрын O_2 датчигінің ауқымы да 20,8% O_2 таза ауа мөлшеріне орнатылады, осылайша сәйкес емес өлшем қажетінше дұрысталады. Құралдың ауқым өлшемін реттеу барысында, O_2 датчигінің дәлдігі сәйкессіздікті реттеусіз белгілі оттегі газы концентрациясы бойынша тексеріледі.

Span Calibration (Ауқым өлшемі)





Ауқым реттеу процедурасын өткізіп жіберу үшін, ▲ түймесін басыңыз. 30 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, құрылғы Measuring (Өлшеу) режиміне оралады.


- (1) Өлшем нөлге орнатылған соң, SPAN (АУҚЫМ) экраны шығады.
- (2) Реттеуішті өлшемді тексеру газы цилиндріне жалғаңыз.
- (3) Құрылғыға тиісті өлшем реттеу газын жалғаңыз.





- (4) Өлшеу қақпағын құрылғыға жалғаңыз.
 - ▷ Өлшеу қақпағындағы құлақшаны құрылғыдағы ұяшыққа енгізіңіз.
 - ▷ Өлшеу қақпағын құрылғыдағы орнына түскенше басыңыз.
 - ▷ Екі жақ құлақшаларды құрылғыдағы орындарына «сырт» етіп түскенше басыңыз.
 - ▷ Өлшеу қақпағының дұрыс кигізілгеніне көз жеткізіңіз.
 - ▷ Түтіктің бір ұшын өлшем тесігіне жалғаңыз.
 - ▷ Түтіктің екінші ұшын цилиндр реттеуішіне [өлшем реттеу жинағымен беріледі] жалғаңыз.



- (5) Тексеру газы цилиндріндегі қысым азайтқыш клапанды ашыңыз.
- (6) Құрылғы өлшемін [ауқымын] реттеу үшін **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
 - ▷ Диодты шамдар жыпылықтайды.
 - ▷ SPAN өлшемін реттеу басталады.
- (7) SPAN (АУҚЫМ) реттелген соң, клапанды жабыңыз.



- SPAN (АУҚЫМ) реттеу аяқталған соң, құрылғыда "SPAN PASS" (АУҚЫМ ЖАРАМДЫ) хабары немесе кез келген қатесі бар датчик белгісімен бірге "SPAN ERR" (АУҚЫМДА ҚАТЕ БАР) хабары бір сәт көрсетіледі де, Measure (Өлшеу) режиміне оралады.



Егер датчик мерзімі аяқталуға жақын қалса, "SPAN PASS" (АУҚЫМ ЖАРАМДЫ) көрсеткіші датчик мерзімінің аяқталуы туралы ескертуден [♥ таңбасы] кейін көрсетіледі. Құрылғы өлшеу режиміне оралып жатқан кезде, ♥ таңбасы мен жарамдылық мерзімі аяқталып қалған датчик газының түрі 15 секунд жыпылықтайды. Өлшеу режимінде болған кезде, ♥ белгісі үздіксіз көрсетіледі.

Өлшем реттеуді аяқтау

- (1) Реттеуіш клапанын жабыңыз.
- (2) Өлшеу қақпағын алыңыз.

Өлшем реттеу процедурасы өлшемдері тексерілген кез келген датчик ауқымы мәнін реттейді; өлшем тексеруіне өтпей қалған датчиктер өзгеріссіз қалады. Газ қалдығы қалуы мүмкін болғандықтан, өлшем реттеу реті аяқталған соң құрылғы қысқа уақытқа газға шығару дабылы күйіне өтуі мүмкін.

Өлшемді автоматты түрде реттеу мүмкіндігі

Ауқым өлшемі реттелмесе:

- Егер құрылғы бір немесе одан көп датчиктердің өлшемдерін реттей алмаса, ол SPAN ERR (АУҚЫМДА ҚАТЕ БАР) бетіне өтіп, ▲ түймесі басылғанға дейін дабыл күйінде болады.
- Датчик мерзімі индикаторы [дабыл таңбасы мен ♥ таңбасы] датчик мерзімінің аяқталғанын және оны ауыстыру қажеттігін көрсету үшін шығады.
Бұл ауқымда екі рет қате анықталғанда орындалады.
- Құрылғы дабылы ▲ түймесі басылғанша өшпейді.
- Дисплейде дабыл таңбасы мен ♥ таңбасы жұмыс істеу мүмкіндігі сәті реттелгенше немесе проблемасы бар датчик ауыстырылғанша көрсетіліп тұрады.



Ауқым реттеу сәтсіздігі датчик мерзімінің аяқталуынан басқа көптеген себептерге де байланысты болуы мүмкін. Егер ауқым өлшемін реттеу сәтсіздігі болса, өлшем реттеу цилиндрінде қалған газ, газ мерзімінің соңғы күні, өлшем реттеу қақпағының қауіпсіздігі және т.б. сияқты элементтерді тексеру керек және датчикті ауыстырмас бұрын өлшемдерді қайта реттеу керек.

4 Техникалық қызмет көрсету

Пайдалану барысында қате орын алса, орындалатын тиісті қадамдарды анықтау үшін көрсетілген қате кодтарын пайдаланыңыз.



EN 60079-29-2 [Тұтанғыш газдар мен оттегін анықтауға және өлшеуге арналған аппаратты таңдау, орнату, пайдалану жне оған техникалық қызмет көрсету туралы нұсқаулық] және EN 45544-4 [Улы газдар мен буларды анықтауға және өлшеуге арналған аппаратты таңдау, орнату, пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету туралы нұсқаулық] нұсқаулықтарына жүгініңіз.

4.1 Ақаулықтарды жою

Проблема	Сипаттамасы	Шара
ERROR TEMP	Температура төмен -40°C немесе 75°C-тан жоғары.	Құрылғыны қалыпты температура ауқымына түсіріп, өлшемдерді қайта реттеңіз. MSA компаниясымен хабарласыңыз
ERROR EE	EEPROM жад картасы қатесі	MSA компаниясымен хабарласыңыз
ERROR PRG	Флэш картасы қатесі	MSA компаниясымен хабарласыңыз
ERROR RAM	Оперативтік жад қатесі	MSA компаниясымен хабарласыңыз
ERROR UNK	Белгісіз қате	MSA компаниясымен хабарласыңыз
 LOW BATT	Батарея дабылы 60 секунд сайын қайталанады.	Жұмысын неғұрлым тез арада тоқтатып, батареяны зарядтаңыз
 BATT ALARM	Батарея толық отырған.	Құрылғы газ сезбейтін болып қалды. Жұмысын тоқтатып, батареяны қайта зарядтаңыз.
ERROR CHARGE	Зарядтау қатесі	Құрылғыны зарядтаған кезде температура 10° C және 36° C аралығында болуы керек. Проблема жойылмаса, MSA компаниясымен хабарласыңыз
SENSOR ERROR	Датчик жоқ	Датчиктің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз
Құрылғы іске қосылмайды	Батарея заряды төмен	Құрылғыны зарядтаңыз
	Датчик ескертуі	Датчик мерзімі аяқталуға жақын
	Датчик дабылы	Датчик мерзімі аяқталды және оның өлшемін реттеу мүмкін емес. Датчикті ауыстырып, өлшемдерін қайта реттеңіз.

4.2 Техникалық қызмет көрсету процесі - датчик ауыстыру немесе салу

**Ескерту!**

Датчиктерді абайлап алып салыңыз, құрамдастарды зақымдап алмаңыз; әйтпесе, өзіне тән қауіпсіздік зақымданып, қате көрсеткіштер шығуы мүмкін және осы өнімге сенген адамдардың қатты жарақаттануы немесе өлімге ұшыауы мүмкін.

**Ескерту!**

Компьютер тақтасын пайдаланбас бұрын, жерге дұрыс тұйықталғаныңызға көз жеткізіңіз; әйтпесе, статикалық зарядтар электрондық бөлшектерді зақымдауы мүмкін. Мұндай зақымды кепілдік қамтымайды. Жерге қосу даулары мен жинақтарын электрондық жабдықтаушылардан алуға болады.

Толық датчиктер қатарымен әлі жабдықталмаған құрылғыға датчик салу үшін, датчик қосқышын бұрын пайдаланымаған датчик корпусының алдынан суырыңыз.



Құрылғы корпусы ашық кезде оның ішкі бөліктерін металл/өткізгіш қасиеті бар заттармен немесе құралдармен түртпеңіз.

Одан құрылғы зақымдануы мүмкін.

- (1) Құрылғының өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- (2) Төрт корпус бұрандасын шешіп, датчик аралық төсенішінің бағытына мұқият назар аудара отырып корпусың алдыңғы бөлігін алыңыз.
- (3) Ауыстырылатын датчикті жайлап көтеріп, тиісті ережелер бойынша тастаңыз.
 - ▷ Улы газ, тұтанғыш газ немесе оттегі датчигін тек саусағыңызбен жайлап ырғап, ұяшығынан жоғары қарай тіке трту арқылы шығарыңыз.
- (4) Жаңа датчиктің түйіспе істікшелерін баспа жазуы бар схемалық тақтадағы ұяшықтарға туралаңыз да, орнына қаттырақ басып салыңыз.
 - ▷ Датчиктегі құлақшаның ұстағыштың жоғарғы жағындағы кертпеге тураланғанына көз жеткізіңіз.
 - ▷ Улы газ датчигін датчик ұстағышының сол жағындағы орынға енгізіңіз.
 - ▷ O₂ датчигін датчик ұстағышының оң жағындағы орынға енгізіңіз.
 - ▷ Тұтанғыш газ датчигін датчик ұстағышының ортаңғы орнына енгізіңіз.
 - ▷ Егер ешқандай датчикті ауыстыру қажет болмаса, датчик қосқышының өз орнына дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- (5) Корпустың алдыңғы жағын орнына бекітіңіз.
- (6) Бұрандаларды орындарына бұраңыз.
- (7) Құрылғыны іске қосыңыз.

Егер ауыстырылған датчик бұрынғы датчик сияқты болса:	Егер ауыстырылған датчик бұрынғы датчик сияқты болмаса немесе осы датчик арнасы ажыратылған болса:
- Құрылғы әдеттегідей іске қосылады. - Құрылғы жаңа датчик орнатылғанын автоматты түрде сезеді де, "SENSOR DSCVR" (ДАТЧИК АНЫҚТАЛУЫ) экранын көрсетеді.	- Құрылғы айырмашылықты автоматты түрде сезіп, "SENSOR CHANGE" (ДАТЧИК АУЫСТЫРЫЛДЫ) хабары көрсетіледі. - дисплейде "АССЕРТ?" (ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК ПЕ?) сұрағы шығады.
	▷ Өзгерісті ▼ түймесін басып қабылдаңыз немесе ▲ түймесін басып бас тартыңыз. ▷ Датчик параметрлері бетіне өтіп, тиісті датчикті іске қосыңыз [→ 3.4 тарауы].

- (8) Датчиктер тұрақтанған соң, құрылғы өлшемдерін реттеңіз.



Қауіпті!

Датчик орнатылғаннан кейін оның өлшемдерін ерттеу керек; әйтпесе, құрылғы күткендегідей жұмыс істемейді және бұл өнімге сенген адамдардың қатты жарақаттануы немесе өлімге ұшырауы мүмкін.



Өлшем реттеу алдында датчиктерді бөлме температурасында кемінде 30 минутқа тұрақтандырып қойыңыз [→ 3.9 тарауы].

4.3 Тазарту

Құрылғының сыртын тек дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Тазалау агенттерінде тұтанғыш газ датчигін зақымдауы мүмкін силикондар болатындықтан, оларды пайдаланбаңыз.

4.4 Сақтау

Пайдаланылмаған кезде, құрылғыны температурасы 18 °C және 30 °C аралығындағы қауіпсіз және құрғақ жерде сақтаңыз. Сақтаудан кейін құрылғыны пайдаланар кезде оның өлшедерін әрқашан тексеріп отырыңыз.

4.5 Өнімді тасымалдағанда қойылатын талаптар

Құрылғыны өзінің бастапқы тасымалдау ыдысына тиісті аралық төсеніштерімен салыңыз. Егер бастапқы ыдысы болмаса, оған ұқсас ыдысты пайдалануға болады.

5 Техникалық деректер

Салмағы	224 г [батареясы мен қысқышы бар құрылғы]
Өлшемдер [Ұ x Е x Б]	қатайтқыш қысқышынсыз – 112 x 76 x 33 мм
Дабылдар	Төрт газ дабылының диодты шамы, бір заряд күйінің диодты шамы, дыбысты сигнал және діріл дабылы
Дабылдың дыбыс деңгейі	Әдетте 30 см үшін 95 дБа
Дисплей	Сұйық кристалды дисплей
Батарея түрі	Қайта зарядталатын литий-полимерлі батарея. Литий-полимерлі батареяны жарылыс қаупі бар жерде зарядтамаңыз.
Құрылғының жұмыс істеу уақыты	25 °C температурада 24 сағат
Зарядтау уақыты	≤ 4 сағат Қауіпсіз аймақтағы ең жоғарғы зарядтау кернеуі – $U_m = 6,7$ В тұрақты ток
Жылыту уақыты	2 мин
Температура ауқымы	-20°C және 60°C аралығы Көміртегі тотығы мен күкіртті сутегін өлшеуге болатын ауқым -20°C және 60°C аралығы Оттегін, метанды, пропанды, пентанды және сутегін өлшеуге болатын ауқым - ATEX рұқсат еткен өнімділік -40°C және 60°C аралығы От ұшқыны болған кезде қауіпсіз болып табылатын ауқым 10 °C және 35 °C аралығы батарея зарядтауға болатын ауқым
Ылғалдылық ауқымы	15% – 90% қатысты ылғалдылық, конденсациясыз, 5% – 95% RH үзілмелі
Атмосфералық қысым ауқымы	800 – 1200 мбар
Қорғаныс деңгейі	IP 67
Өлшеу әдісі	Тұтанғыш газдар: Каталитикалық датчик Оттегі: электрохимиялық датчик Улы газдар: электрохимиялық датчик

	Тұтанғыш	O ₂	CO	H ₂ S
Өлшеу ауқымы	0-100 % LEL	0-30 % Vol.	0-1999 ppm	0-200 ppm
	0-5 % CH ₄		0-1999 мг/м ³	0-284 мг/м ³
	H ₂ S-LC	NO ₂	SO ₂	
	0-100 ppm	0-50 ppm	0-20 ppm	

Арнайы жасалған EX-H және EX-M датчигінің техникалық және өнімділік сипаттамалары EX датчигінікімен бірдей.



Ppm-mg/m³ түрлендіруі 20° температурада және атмосфералық қысымда есептеледі.

5.1 Зауытта орнатылған дабыл шектері мен орнатылған мәндер



Мемлекеттік ережелерге байланысты әр түрлі болатындықтан, дәл дабыл деңгейлеріне қатысты өлшем сертификатын немесе мониторын тексеріңіз.

Датчик	LOW (ТӨМЕН) дабылы	HIGH (ЖОҒАРЫ) дабылы	STEL (ҚЫСҚА УАҚЫТҚА ШЫҒАРУ ШЕГІ)	TWA (ОРТАША УАҚЫТ МӨЛШЕРІ)
Ex	10 % LEL	20 % LEL	--	--
EX-H	10 % LEL	20 % LEL	--	--
EX-M [%vol]	0,5	1,0	--	--
H ₂ S-LC [ppm]	5	10	10	1
NO ₂ [ppm]	2	5	5	2
SO ₂ [ppm]	2	5	5	2
O ₂ [%]	19,5	23,0	--	--
CO [ppm]	25	100	100	25
H ₂ S [ppm]	10	15	15	10

Датчик	Ең төменгі дабыл орнату шегі	Ең жоғарғы дабыл орнату шегі	Авто өлшем реттеу мәндері
Ex	5 %	60 %	58 %
EX-H	5 %	60 %	58 %
EX-M [%vol]	0,1	3,0	2,5
H ₂ S-LC [ppm]	1	70	20
NO ₂ [ppm]	1	47,5	10
SO ₂ [ppm]	1	17,5	10
O ₂ [%]	5	24	15,0
CO [ppm]	10	1700	60
H ₂ S [ppm]	5	175	20

5.2 Өнімділік сипаттамалары

Тұтанғыш газ

Ауқым	0 –100 % LEL немесе 0 – 5 % CH ₄
Ажыратымдылығы	1 % LEL 0,05 % vol CH ₄
Қайталау мүмкіндігі	3 % LEL, 0 %-50 % LEL көрсеткіші немесе 0,15 % CH ₄ , 0,00 %-2,50 % CH ₄ [қалыпты температура ауқымы]
	5 % LEL, 50 %-100 % LEL көрсеткіші немесе 0,25 % CH ₄ , 2,50%-5% CH ₄ [қалыпты температура ауқымы]
	5 % LEL, 0 %-50 % LEL көрсеткіші немесе 0,25 % CH ₄ , 0,00 %-2,50 % CH ₄ [кеңейтілген температура ауқымы]
	8 % LEL, 50 %-100 % LEL көрсеткіші немесе 0,4 % CH ₄ , 2,50%-5% CH ₄ [кеңейтілген температура ауқымы]
Жауап беру уақыты	15 секундтан [пентан] және 10 секундтан [метан] [қалыпты температура ауқымы] аз немесе оған тең уақыттағы көрсеткіштің 90%-ы

Өлшем цилиндрін пайдаланып жалпы мақсатта өлшем реттеуге арналған тұтанғыш газ айқас сілтеме факторлары (Бөлшек № 10045035)

Тұтанғыш газ	Метан өлшемін реттеу 1,45 Vol % CH ₄ 33% LEL мөлшеріне орнатылады	Пентан сынамасы өлшемін реттеу 1,45 Vol % CH ₄ 58 %LEL ацетон орнату
Ацетон	1,09	0,62
Ацетилен	1,07	0,61
Бутан	1,37	0,79
Циклогексан	1,94	1,11
Диэтиль эфирі	1,43	0,82
Этан	1,27	0,73
Этанол	1,16	0,66
Этилен	1,09	0,62
Газолин	1,63	0,93
н-Гексан	1,86	1,06

Тұтанғыш газ	Метан өлшемін реттеу 1,45 Vol % CH ₄ 33% LEL мөлшеріне орнатылады	Пентан сынамасы өлшемін реттеу 1,45 Vol % CH ₄ 58 %LEL ацетон орнату
Сутегі	0,98	0,56
Изобутан	1,63	0,93
Изопропиль спирті	1,55	0,88
Метан	1,00	0,57
Метанол	0,93	0,53
Метилэтилкетон	1,69	0,97
Нонан	4,48	2,56
ЕХ-Н датчигі бар нонан	3,03	1,73
Пентан	1,90	1,00
Пропан	1,39	0,79
Толуол	1,14	0,93
Ксилол	2,09	1,19
Изобутан	4,83	2,76
ЕХ-Н датчигі бар ксилол	3,57	2,04

Жауап ескертпелері

- (1) Кейбір құрамдастар каталитикалық әрекетті улау немесе оған кедергі жасау арқылы немесе каталитикалық бетте полимерлену арқылы тұтанғыш газ датчигінің сезгіштігін төмендетуі мүмкін.
- (2) Нақты %LEL мәнін алу үшін ажыратылған %LEL мәнін жоғарыдағы түрлендіру коэффициентіне көбейтіңіз.
- (3) Осы түрлендіру коэффициенттері тек тұтанғыш газ түрі белгілі болғанда ғана қолданылуы керек.
- (4) Барлық коэффициенттер IEC 100% LEL деңгейлеріне негізделеді
 - ▷ Яғни, метан 100% LEL = 4,4 Vol %,
 - ▷ пентан 100% LEL = 1,1 Vol %,
 - ▷ пропан 100% LEL = 1,7 Vol %,
- (5) Осы түрлендіру коэффициенттері – әдеттегі мәндер. Кейбір өлшем бірліктері осы мәндерден $\pm 25\%$ ауқымында әр түрлі болуы мүмкін.
- (6) Бұл нәтижелер тек мысал ретінде келтірілген. Дәлірек өлшемдер алу үшін құрал өлшемін тиісті газ бойынша бақылауға ала отырып реттеу керек.

- (7) Стандартты ЕХ және арнайы ЕХ-Н және ЕХ-М датчиктерінің түрлендіру коэффициенттері ЕХ-Н, нонан және о-Ксилол датчиктерінікін қоспағанда, бірдей болып келеді. Сондықтан, осы екі будың түрлену коэффициенті кестеде арнайы түрде көрсетілген.

Оттегі

Оттегі датчигінде температура әсеріне қарсы бекітілген компенсатор болады. Дегенмен, температура күрт өзгерсе, оттегі датчигі көрсеткіші де өзгеруі мүмкін. Ең төменгі тиімділікке қол жеткізу үшін құрылғы өлшемін температурасы 30°C жұмыс орнында нөлге орнатыңыз.

Ауқым	0 – 30 vol.% O ₂
Ажыратымдылығы	0,1 vol.% O ₂
Қайталау мүмкіндігі	0,7 vol.% O ₂ мынау үшін: 0-30 vol.% O ₂
Жауап беру уақыты [соңғы көрсеткіштің 90%-ы]	<10 секунд [қалыпты температура ауқымы]
Датчиктің кері әсері	Оттегі датчигінде жалпы кері әсерлер болмайды.

Көміртек тотығы



Тексеру газын қолдану нәтижесінде алынатын, PPM өлшем бірлігімен көрсетілген мән туралы деректер берілген.

Ауқым	0-1999 ppm [0-1999 mg/m ³] CO
Ажыратымдылығы	1 ppm [1,2 mg/m ³] CO мынау үшін: 0-1999 ppm
Қайталау мүмкіндігі	±5 ppm [5,8 mg/m ³] CO немесе көрсеткіштің 10%-ы, қайсысы көбірек, сол көрсетіледі [қалыпты температура ауқымы]
	±10 ppm [11,6 mg/m ³] CO немесе көрсеткіштің 20%-ы, қайсысы көбірек, сол көрсетіледі
Жауап беру уақыты	15 секундтан [қалыпты температура ауқымында] аз немесе оған тең уақыттағы көрсеткіштің 90%-ы

Тексеру газы қолданылды	Концентрация [PPM] қолданылды	СО арнасы % Кері әсер
Күкіртті сутегі [H ₂ S]	40	0
Көміртек тотығы [CO]	100	100
Азот тотығы [NO]	50	84
Азот қос тотығы [NO ₂]	11	0

Тексеру газы қолданылды	Концентрация [PPM] қолданылды	CO арнасы % Кері әсер
Күкірт қос тотығы [SO ₂]	9	-4
Хлор [Cl ₂]	10	0
Цианидті сутегі [HCN]	30	-5
Аммиак [NH ₃]	25	0
Толуол	53	0
Изопропанол	100	-8
Сутегі [H ₂]	100	48

Күкіртті сутек

Ауқым	0-200 ppm [0-284 mg/m ³] H ₂ S
Ажыратымдылығы	1 ppm [1,4 mg/m ³] H ₂ S, 3-200 ppm [4,3-284 mg/m ³] H ₂ S
Қайталау мүмкіндігі	±2 ppm [2,8 mg/m ³] H ₂ S немесе көрсеткіштің 10%-ы, қайсысы көбірек, сол көрсетіледі [қалыпты температура ауқымында] 0-100 ppm [0-142 mg/m ⁰] H ₂ S
	±5 ppm [7,1 mg/m ³] H ₂ S немесе көрсеткіштің 10%-ы, қайсысы көбірек, сол көрсетіледі
Жауап беру уақыты	15 секундтан [қалыпты температура ауқымында] аз немесе оған тең уақыттағы көрсеткіштің 90%-ы

Тексеру газы қолданылды	Концентрация [PPM] қолданылды	H ₂ S арнасы % Кері әсер
Күкіртті сутегі [H ₂ S]	40	100
Көміртек тотығы [CO]	100	1
Азот тотығы [NO]	50	25
Азот қос тотығы [NO ₂]	11	-1
Күкірт қос тотығы [SO ₂]	9	14
Хлор [Cl ₂]	10	-14
Цианидті сутегі [HCN]	30	-3
Аммиак [NH ₃]	25	-1
Толуол	53	0
Изопропанол	100	-3
Сутегі [H ₂]	100	0

Күкіртті сутегінің аз мөлшердегі концентрациясы (H₂S-LC)

Ауқым	0 - 100 ppm H ₂ S
Ажыратымдылығы	0,1 ppm H ₂ S
Қайталау мүмкіндігі	±0,2 ppm H ₂ S немесе көрсеткіштің 10%-ы, қайсысы көбірек, сол көрсетіледі [қалыпты температура ауқымында]
	±0,5 ppm H ₂ S немесе көрсеткіштің 20%-ы, қайсысы көбірек, сол көрсетіледі [кеңейтілген температура ауқымында]
Жауап беру уақыты (әдеттегі)	15 секундтан аз [қалыпты температура ауқымында] уақыттағы соңғы көрсеткіштің 90%-ы

Азот қос тотығы

Ауқым	0 - 50 ppm NO ₂
Ажыратымдылығы	0,1 ppm NO ₂
Қайталау мүмкіндігі	±1 ppm NO ₂ немесе көрсеткіштің 10%-ы, қайсысы көбірек, сол көрсетіледі [қалыпты температура ауқымында]
	±2 ppm NO ₂ немесе көрсеткіштің 20%-ы, қайсысы көбірек, сол көрсетіледі [кеңейтілген температура ауқымында]
Жауап беру уақыты (әдеттегі)	20 секундтан аз [қалыпты температура ауқымында] уақыттағы соңғы көрсеткіштің 90%-ы

Күкірт қос тотығы

Ауқым	0 - 20 ppm SO ₂
Ажыратымдылығы	0,1 ppm SO ₂
Қайталау мүмкіндігі	±1 ppm SO ₂ немесе көрсеткіштің 10%-ы, қайсысы көбірек, сол көрсетіледі [қалыпты температура ауқымында]
	±2 ppm SO ₂ немесе көрсеткіштің 20%-ы, қайсысы көбірек, сол көрсетіледі [кеңейтілген температура ауқымында]
Жауап беру уақыты (әдеттегі)	20 секундтан аз [қалыпты температура ауқымында] уақыттағы соңғы көрсеткіштің 90%-ы

5.3 XCell датчигі патенттері

Тұтанғыш газ датчигі	Бөлшек № 10106722	Патент дайындалуда
O ₂ датчигі	Бөлшек № 10106729	Патент дайындалуда
CO/H ₂ S датчигі	Бөлшек № 10106725	Патент дайындалуда

6 Сертификаттау

Сіздегі құрылғы бойынша қолданылатын рұқсат құжаттарын құрылғы жапсырмасынан көріңіз.

АҚШ және Канада

АҚШ



Сіздегі құрылғы бойынша қолданылатын рұқсат құжаттарын құрылғы жапсырмасынан көріңіз.

Канада



Сіздегі құрылғы бойынша қолданылатын рұқсат құжаттарын құрылғы жапсырмасынан көріңіз.

Басқа елдер

Австралия/Жаңа Зеландия	TestSafe Австралия
	Ex ia sa I IP67 [Zone 0]
	Ex ia sa IIC T4 IP67 [Zone 0]
	Ta = -40 °C – +60 °C
IECEx	TestSafe Австралия
	Ex ia I IP67 [Zone 0]
	Ex ia mb d IIC T4 IP67 [Zone 1]
	- Тұтанғыш газға арналған XCell датчигі орнатылған кезде
	Ex ia IIC T4 IP67 [Zone 0]
	- Тұтанғыш газға арналған XCell датчигі орнатылмаған кезде
	Ta = -40 °C – +60 °C

6.1 Белгілері, сертификаттары мен рұқсат қағаздары 94/9/ЕС [ATEX] стандартына сай

Өндіруші:	Mine Safety Appliances компаниясы 1000 Cranberry Woods Drive Cranberry Township, PA 16066 USA
Өнім:	ALTAIR 4X
ЕС түріндегі сынақ куәлігі:	FTZU 07 ATEX 0169 X
Қорғаныс түрі:	EN 60079-0: 2009, EN 60079-1: 2007, EN 60079-11: 2007, EN 60079-18: 2009 EN 60079-26: 2007, EN 50303: 2000
Өнімділігі	EN 60079-29-1: 2007 , EN 50104: 2002 EN 50104: 2002/A1, 2004, EN 50271: 2001
Газ	Метан, пропан, пентан, сутегі, O ₂
Белгісі:	 II 1G Ex ia IIC T4 Ga тұтанғыш газға арналған XCell датчигі орнатылмаған кезде II 2G Ex d ia mb IIC T4 Gb I M1 Ex ia I Ma Ta = -40 °C – +60 °C Um £ 6,7 В
Сапа кепілдігі хабарламасы:	0080
Шығарылған жылы:	Затбелгіні қараңыз
Сериялық №:	Затбелгіні қараңыз

2008 / 67 EC [MED] стандартымен сәйкестік

ЕС түріндегі сынақ куәлігі: 213.048, Өкілетті ұйым нөмірі: 0736

2004/104/EC нұсқауларына сәйкес EMC сәйкестігі

EN 50270: 2006 2-түрі, EN 61000-6-3: 2007

2006/66/EC нұсқауларына сәйкес

Улы газ датчигі	EN 45544-1: 1999, EN 45544-2: 1999
өнімділігі:	
Сертификат:	FTZU 08 E 0034
Газ:	CO, H ₂ S

6.2 IECEx стандартына сай белгілері, сертификаттары мен рұқсат қағаздары

Өндіруші: Mine Safety Appliances компаниясы
1000 Cranberry Woods Drive
Cranberry Township, PA 16066 USA

Өнім: **ALTAIR 4X**

IECEx түріндегі сынақ куәлігі: IECEx TSA 08.0013X
Қорғаныс түрі: IEC 60079-0:2004, IEC 60079-1:2003
IEC 60079-11:2006

Өнімділігі ешқайсысы

Белгісі:



Ex ia I IP67

EX ia mb IIC T4 IP67

тұтанғыш газға арналған XCELL датчигі орнатылған кезде

Ex ia IIC T4 IP67

тұтанғыш газға арналған XCELL датчигі орнатылмаған кезде

Ta = -40 °C – +60 °C

Um ≤ 6,7 В

7 Тапсырыс беру туралы ақпарат


Сипаттамасы	Бөлшек №
Тот баспайтын болаттан жасалған иықбау қысқышы	10069894
Төрт газы бар 58L өлшем реттеу цилиндрі [1,45% CH ₄ , 15% O ₂ , 60 ppm CO, 20 ppm H ₂ S]	10053022
Әмбебап сорғы сынамасы	10047596
0,25 л/мин қысым азайтқыш клапан	467895
Өлшем реттеу жинағы [қақпақ, түтік, жалғағыш]	10089321
Зарядтау қосқышы бар Солтүстік Америкаға арналған қуат жабдығы	10092233
Зарядтау қосқышы бар халықаралық қолданыстағы қуат жабдығы	10092938
Қуат жабдығы бар зарядтау ұяшығы блогы [Солтүстік Америка]	10087368
Қуат жабдығы бар зарядтау ұяшығы блогы [Австралия]	10089487
Қуат жабдығы бар зарядтау ұяшығы блогы [Еуропа]	10086638
Көлікте зарядтауға арналған ұяшық блогы	10095774
MSA Link бағдарламасы бар ықшам дискі	10088099
USB қосқышы бар JetEye IR адаптері	10082834
Тұтанғыш газ датчигін ауыстыру жинағы	10106722
O ₂ датчигін ауыстыру жинағы	10106729
CO/H ₂ S екі улы газ датчигін ауыстыру жинағы	10106725
Бекітілген шаң сүзгілері [ағаш көмірі] бар алдыңғы корпус	10110030
Бекітілген шаң сүзгілері [флуоресцентті] бар алдыңғы корпус	10110029
Батарея жиыны бар негізгі тақта	10106621
Сұйық кристалды дисплейіне арналған жинақ [СКД жақтауы, жолақты баулар, бұрандалар]	10110061
Датчиктер аралық төсемі, ұяшық қақпағы бұрандалары [4x], саморез [2x]	10110062
ALTAIR 4 x құрылғысының ықшам дискідегі нұсқаулығы	10106623
EX-M тұтанғыш газ датчигін ауыстыру жинағы	10121212
EX-H тұтанғыш газ датчигін ауыстыру жинағы	10121211
H2S-LC/CO датчигін ауыстыру жинағы	10121213
CO/NO2 датчигін ауыстыру жинағы	10121217
H2S/SO2 датчигін ауыстыру жинағы	10121215




GALAXY GX2, QuickCheck және қосымша жабдықтарды тапсырыс беріп алуға болады.

8 Тіркеме


8.1 Іске қосу процедураларының реті [Іске қосу]




8.2 Таза ауа параметрі [ТАП]




8.3 Экрандағы басқару элементтерін қайта орнату







8.4 Жұмыс істеу мүмкіндігін тексеру




8.5 Өлшемдер




8.6 Опцияларды реттеу




8.7 Сенсор параметрін реттеу




8.8 Өлшемдерді реттеу



8.9 Дабыл орнату



8.10 Уақыт пен күнді орнату



MSA in Europe

[www.MSAafety.com]

Northern Europe

Netherlands

MSA Nederland

Kernweg 20
1627 LH Hoorn
Phone +31 [229] 25 03 03
Fax +31 [229] 21 13 40
info.nl@MSAafety.com

Belgium

MSA Belgium N.V.

Duwijkstraat 17
2500 Lier
Phone +32 [3] 491 91 50
Fax +32 [3] 491 91 51
info.be@MSAafety.com

Great Britain

MSA (Britain) Limited

Lochard House
Linnet Way
Strathclyde Business Park
BELLSHILL ML4 3RA
Scotland
Phone +44 [16 98] 57 33 57
Fax +44 [16 98] 74 01 41
info.gb@MSAafety.com

Sweden

MSA NORDIC

Kopparbergsgatan 29
214 44 Malmö
Phone +46 [40] 699 07 70
Fax +46 [40] 699 07 77
info.se@MSAafety.com

MSA SORDIN

Rörläggarvägen 8
33153 Värnamo
Phone +46 [370] 69 35 50
Fax +46 [370] 69 35 55
info.se@MSAafety.com

Southern Europe

France

MSA GALLET

Zone Industrielle Sud
01400 Châtillon sur
Chalaronne
Phone +33 [474] 55 01 55
Fax +33 [474] 55 47 99
info.fr@MSAafety.com

Italy

MSA Italiana S.p.A.

Via Po 13/17
20089 Rozzano [MI]
Phone +39 [02] 89 217 1
Fax +39 [02] 82 59 228
info.it@MSAafety.com

Spain

MSA Española, S.A.U.

Narcís Monturiol, 7
Pol. Ind. del Sudoeste
08960 Sant-Just Desvern
[Barcelona]
Phone +34 [93] 372 51 62
Fax +34 [93] 372 66 57
info.es@MSAafety.com

Eastern Europe

Poland

MSA Safety Poland Sp. z o.o.

Ul. Wschodnia 5A
05-090 Raszyn k/Warszawy
Phone +48 [22] 711 50 00
Fax +48 [22] 711 50 19
info.pl@MSAafety.com

Czech republic

MSA Safety Czech s.r.o.

Dolnojircanska 270/22b
142 00 Praha 4 - Kamyk
Phone +420 241440 537
Fax +420 241440 537
info.cz@MSAafety.com

Hungary

MSA Safety Hungaria

Francia út 10
1143 Budapest
Phone +36 [1] 251 34 88
Fax +36 [1] 251 46 51
info.hu@MSAafety.com

Romania

MSA Safety Romania S.R.L.

Str. Virgil Madgearu, Nr. 5
Ap. 2, Sector 1
014135 Bucuresti
Phone +40 [21] 232 62 45
Fax +40 [21] 232 87 23
info.ro@MSAafety.com

Russia

MSA Safety Russia

Походный проезд д.14.
125373 Москва
Phone +7 [495] 921 1370
Fax +7 [495] 921 1368
info.ru@MSAafety.com

Central Europe

Germany

MSA AUER GmbH

Thiemannstrasse 1
12059 Berlin
Phone +49 [30] 68 86 0
Fax +49 [30] 68 86 15 17
info.de@MSAafety.com

Austria

MSA AUER Austria Vertriebs GmbH

Modecenterstrasse 22
MGC Office 4, Top 601
1030 Wien
Phone +43 [0] 1 / 796 04 96
Fax +43 [0] 1 / 796 04 96 - 20
info.at@MSAafety.com

Switzerland

MSA Schweiz

Eichweg 6
8154 Oberglatt
Phone +41 [43] 255 89 00
Fax +41 [43] 255 99 90
info.ch@MSAafety.com

European

International Sales

[Africa, Asia, Australia, Latin
America, Middle East]

MSA Europe

Thiemannstrasse 1
12059 Berlin
Phone +49 [30] 68 86 0
Fax +49 [30] 68 86 15 58
info.de@MSAafety.com